

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған
«КОНСТИТУЦИЯ: ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІЛІГІНІҢ, АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МЕН
ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
29 тамыз 2018 жыл, Астана қ.

МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-практической конференции
«КОНСТИТУЦИЯ: ВОПЛОЩЕНИЕ ЦЕННОСТЕЙ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА,
ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА И СОВРЕМЕННОГО ГОСУДАРСТВА»
посвященная Дню Конституции Республики Казахстан
29 августа 2018 года, г. Астана

MATERIALS
International scientific-practical conference
«THE CONSTITUTION: THE EMBODIMENT OF THE VALUES OF THE RULE
OF LAW, CIVIL SOCIETY, AND THE MODERN STATE»
Devoted to Constitution Day of the Republic of Kazakhstan
August 29, 2018, Astana

**ӘОЖ 342(063)
КБЖ 67. 4000.1
К18**

Редакциялық алқа:

**Амандықова С.К., Өмірзақов П.К., Хайрмуханмедов Н.И., Тлепина Ш.В.,
Мукашева А.А., Сембекова Б.Р., Жуманова М.Х.**

Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған «Конституция және қоғам мен мемлекеттің жаңғыруы» атты халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдарының жинағы (29 тамыз 2018 жыл). Жалпы редакциясын басқарғандар: И.И. Рогов, А.О. Шәкіров, Е.Б.Сыздықов. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2018. – 394 б.

ISBN 978-9965-31-953-2

Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған «Конституция және қоғам мен мемлекеттің жаңғыруы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы қоғамды және мемлекетті жаңғыртудың теориялық және құқықтық аспектілері, азаматтық және қылмыстық-процессуалдық заңнаманы реформалау, сондай-ақ халықаралық стандарттарды енгізу, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасындағы құқықтар туралы ғылыми мақалаларды қамтиды. Жинақ заңгер-мамандарға және кең қауымға арналған. Барлық материалдар авторлардың баяндауында жарияланды.

В Сборник материалов международной научно-практической конференции «Конституция и модернизация общества и государства», посвященной Дню Конституции Республики Казахстан, включены научные статьи по вопросам теоретико-правовых аспектов модернизации общества и государства, реформирования гражданского и уголовно-процессуального законодательства, а также имплементации норм международного права в действующее право РК. Сборник рассчитан на специалистов-юристов и широкий круг общественности. Все материалы опубликованы в изложении авторов.

The collected materials of international scientific-practical conference: «Constitution-the basis of dynamic and stable development of the society and the state», devoted to the Day of Constitution of Republic Kazakhstan the greetings and reports of leadership of state bodies of Kazakhstan, bodies of the constitutional control, ombudsmen, judges of the constitutional courts and correspondent bodies of the number of foreign countries, eminent home and foreign scientists –lawyers are included. The collected materials are designed for experts –lawyers and broad sections of the public. All the materials are published in the exposition of the authors.

**ISBN 978-9965-31-953-2
ӘОЖ 342(063)
КБЖ 67.400.1**

©ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2018

СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Marco Gregg	A Euro model for the tobin tax: the (tossible) impac to the new tax on the European Financial Market (and on the non eu investors)	9
Онгарбаев Е.А.	Об изменениях и дополнениях в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам религиозной деятельности и религиозных объединений	13
Гхабисимова Л.А.	О некоторых аспектах понимания конституционной ответственности в решениях конституционного суда Российской Федерации	17
Кванина В.В.	Конституционно-правовые основы отраслевых принципов предпринимательского права России и Казахстана	20
Букалерова Л.А. Остроушко А.В.	К вопросу о коррупции в системе образования в России	23

СЕКЦИЯ 1

ВОПЛОЩЕНИЕ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА И РАЗВИТИЕ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА В ЦЕННОСТЯХ СОВРЕМЕННОГО ГОСУДАРСТВА

Амандыкова С.К. Есентемирова А.М. Аничкин Е.С.	Некоторые проблемы и перспективы высшего образования в Казахстане	27
Абдрасулов Е.Б.	Конституционное право Российской Федерации и стран Центральной Азии: факторы общности	36
Нурпеисов Е.К.	Судебная власть и ее роль в обеспечении конституционной законности.	40
Капсалямова С.С. Абуов А.А.	Конституция и развитие гражданского общества в Казахстане	43
Амандыкова С.К. Калмаганбетова Д.Б.	Некоторые вопросы повышения правовой культуры государственных служащих Республики Казахстан	47
Кусаинова Л.И. Айтбай Ж. А.	Правовые основы положения политических партий в Республике Казахстан	51
Громова Е.А.	Правовое регулирование защиты прав потребителей финансовых услуг в Казахстан	54
Ибрагимов.Ж.И.	Государственно-частное партнерство в условиях цифровой реальности: сравнительно-правовой анализ законодательства России и Казахстана	60
Кусаинова Л.И. Смагулова А.С.	Конституция құқық үстемдігінің кепілі	63
Сарсенова С.Н.	Вопросы возрождения обычных правовых норм в современной системе гражданского права	68
Гезердава С.И.	Актуальные вопросы институциональных реформ области высшего образования Казахстана	72
	Конституционное измерение характеристик гражданского общества (сравнительно-правовой анализ)	76

Иванова Ж.Б.	Конституционно-правовая охрана объектов культурного наследия как воплощение традиционных духовно-нравственных ценностей народа	82
Спиридонова А.В.	Конституционный принцип свободы предпринимательской деятельности и его ограничение антимонопольным законодательством	84
Калмаганбетова Д.Б.	Правовое регулирование участия политических партий в выборном процессе Республики Казахстан	87
Хайрмуханмедов Н.И.	Егемендік ұғымының теориялық-құқықтық негіздері	90
Смағұлова А.С. Кусайнова Л.И. Смағұлов А.А. Османова Д.Б. Абдикаликов К.Б. Әлмұхамбетов Ж.Н.	Дәстүрлі құқықтағы ар-намысты қорғаудың өзіне тән ерекшеліктері	94
Жамбаев Е.С. Сапарбекова Б. Е.	Оценка современной системы высшего образования Республики Казахстан	98
Ибрагимов Ж.И. Бұлақбаев М.Б. Сәулен Нұржан	Казакстан Республикасындағы кәсіптік одақтар қызметінің конституциялық-құқықтық жағдайы	102
Жамбаев Е.С. Сапарбекова Б. Е.	Қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық – конституциялық құндылықтың мазмұны және оны қамтамасыз ету құралдары.	105
Ибрагимов Ж.И. Бұлақбаев М.Б. Сәулен Нұржан	Есеп беруші мемлекетті қалыптастырудағы мемлекеттік қызметшілердің құқықтық санасының ролі ролі	108
Хайрмуханмедов Н.И.	Қазақстан Республикасында жоғарғы білім беру барысындағы өзекті мәселелер	114
Алимпиева Т.Г.	Еуропалық жоғары оқу орнынан кейінгі білім және ғылыми зерттеулер кеңістігінің ерекшелігі	116
Капсалямова С.С. Зейдин К.Б.	Конституционные основы общественного согласия и политической стабильности Республики Казахстан	123
Женисов С.К. Мысыр Олжас Сеилханов Ж.Д.	Омбудсмен институтының конституциялық-құқықтық негіздері	125
Мырзатаев Н.Д.	Ата заңымыз тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау, сақтау және пайдаланудағы негізгі қайнар көзі ретінде	129
Weisbekova G.K.	Экономикалық контрабанда: қоғамдық қауіптілігі және жауаптылық мәселелері	131
Нурутдинова А.Ж.	Цифрлы технологияларды енгізу процесіндегі жоғары білім беру жүйесін жетілдірудің кейбір мәселелері	134
Kussainov A.A.	The concretization of legal norms in court holding (theory and practice)	136
Наурызбаев Е.А. Глеубердина У.Т. Женисов С.К. Мысыр Олжас Смағұлова А.С. Кусайнова Л.И. Роза Өміртай	Проблемы совершенствования правовой охраны окружающей среды на военных и оборонных объектах Республики Казахстан	138
	Bologna process as a basis of transformation of higher education institutions in non-commercial joint stock companies (experience of the baltic states)	141
	Мемлекеттік басқару жүйесіндегі конституцияның маңыздылығы	144
	Конституциялық реформалар аясындағы мемлекеттік билік тармақтарының өкілеттіктері	148
	Договор личного найма в обычном праве	150
	Конституция – елдігіміздің айнасы	153

Бердыбаев Е.М.	Қоғамдағы құқықтық сананың қалыптасу бағыттары.	155
Махов А.Р	К вопросу о совершенствовании конституционной ответственности глав субъектов зарубежных федераций	157
Саулен Нуржан	Местные исполнительные органы власти Казахстана: организация, деятельность и полномочия	164
Бабаян Р.А.	Информационная безопасность как неотъемлемая часть системы национальной безопасности Российской Федерации на современном этапе	168
Мырзатаева Р.Д.	Бастауыш сынып оқушыларының тілдік сауаттылығы: әдістемедегі инновациялар	171
Ораз Рсай	Қазақстандағы әйел құқықтарының құқықтық теориялық аспектілері	174
Рябова Т. В	Правовые позиции органа судебного конституционного контроля Республики Армения	177
Нугыманов Е.	Конституция қоғамдық тұрақтылықты сақтау мен нығайтуының кепілі	179
Сапарбекова Б.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресудің әлімдік тәжірибесі	181
Мырзатаев Н.Д.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың шетелдік тәжірибесі	187
Гастаев Н.Б.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың шетелдік тәжірибесі	187
Цой К.Р.	Анализ законодательства в сфере образования для детей с особыми образовательными потребностями	189
Макоев Т.В.	Конституционные основы многопартийности в современной России	194
Садуақасов А.А	Мемлекеттік билік бөлінісінің принциптері және қр-ның конституциясына бектілуі	197
Зейнелгаби Адиль Омарова Э.Б.	Правовое регулирование вопросов социального обеспечения в Республике Казахстан	199

СЕКЦИЯ 2 КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ГРАЖДАНСКИХ ПРАВООТНОШЕНИЙ В УСЛОВИЯХ ЧЕТВЕРТОЙ ПРОМЫШЛЕННОЙ РЕВОЛЮЦИИ

Өмірзақов П.Қ	Корпоративтік құқықтың дамуының конституциялық негіздері	203
Абдирайымова А. докторант	К вопросу о государственном регулировании продовольственной безопасности в Республике Казахстан	205
Бексултанова Р.Т., Калтаева А.Т.	Доступ к правосудию как принцип правового государства	209
Жаркенова С.Б.	Некоторые актуальные вопросы совершенствования трудового законодательства Республики Казахстан	212
Жусипова Б.А., Омарова Э.Б.	Еуразиялық Экономикалық Одақ мүше елдердің жер қатынастары субъектілерінің құқықтық жағдайы	218
Нурғалиева Е.Н.	Правовая защита социально-уязвимых слоев населения	221
Нурмагамбетов А.М.	Некоторые вопросы становления конституционализма в Республике Казахстан	225
Нурмагамбетов А.М.	О некоторых новеллах современного трудового законодательства Республики Казахстан	228
Нурмагамбетов А.М.	О предмете международного трудового права	231
Нурмагамбетов А.А.	Добросовестность, разумность и справедливость	235

докторант Омарова Э.Б., Бердиярова Ж.С. Омарова Э.Б., Жусипова Б.А. Палымбетов Н.Ш.	как оценочные понятия гражданского права Охрана труда по действующему трудовому законодательству Конституционно правовые основы Жұмыспен қамтудың типтік емес нысандарының заңды мәні	239 242 246
докторант Хасенов М.Х.	Влияние новых технологий на развитие гражданского права: вызовы XXI века	248
Марат Н.М.	Қазақстан Республикасында концессиялық қатынастардың құқықтық реттелуі	252
Карибаева А.К.	Основные направления определения гражданско-правовой ответственности за коррупционные правонарушения в Республике Казахстан	258
Кожаметова С.Г.	Особенности правового статуса различных видов субъектов предпринимательства	262
Сақтағанова И.С., Аябековам.Н.	Мүмкіндігі шектеулі адамдардың қол жетімді ортадағы құқықтары: тәжірибелері, мәселелер және оны шешу жолдары	266
Абдраимов Е. Палымбетова М.	Апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттігі Жерге меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқығын шектеудің құқықтық мәселелері	275 277
Сактаганова А.	Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау саясаты	280
Тоғжанова Ж.	Ювеналды әділет – кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау кепілі	283
Жүмекен Н.	Қазақстан Республикасындағы инвестициялық саясатты жүзеге асыру және қр заңнамасына сәйкес реттеу	285
Сактаганова А.	Медициналық сақтандыруды дамытудың шетелдік тәжірибесі - азаматтардың мүдделерін қорғаудың нысаны	288
Абдраимов Е. Сактаганова А.	Сот билігінің конституциялық негіздері Қазақстандағы арбитраж (аралық) соттың қалыптасуы және дамуы	291 294
Сақтағанова И.С., Аябекова М.Н. Темиржанова А., Жолимова А., Болатбекова И. Қожахметова Д.С.	Мүгедектердің құқықтарын қорғаудың халықаралық- құқықтық негіздері Правовой механизм защиты прав человека (на примере построения финансовых пирамид)	298 305
Сақтағанова И.С., Жанжігітова Ж.А. Марленқызы А.	Совершенствование правовых механизмов ипотечного кредитования в Республике Казахстан Жаңа заманғы экономикалық қоғамдағы отбасылық бизнесті дамытудың кейбір мәселелері Атқарушылық іс жүргізу құқықтық институтының дамуы және келешегі	308 314 318
Айбасов А. Аманғалиева А.	Сақтандырудың даму тарихы Шет мемлекеттердегі баламалы немесе аналогиялық құқықтық институттар	325 331
Калтаева А.Т.	Конституция-қоғам мен мемлекет дамуының динамикалық және тұрақты негізі	338

СЕКЦИЯ 3
ВОПЛОЩЕНИЕ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА В УГОЛОВНОЙ ПОЛИТИКЕ

РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ахпанов А.Н., Келигова Х.Ю.	Ошибки в свидетельских показаниях	341
Ахпанов А.Н., Турсын А.М.	Вопросы обеспечения электронного перевода В современном уголовном процессе	345
Скаков А.Б.	Обеспечение прав испытуемых в условиях пробации	349
Сембекова Б.Р.	Антикриминальная безопасность личности в системе противодействия терроризму и экстремизму	355
Канаев А. С Амиргалиев А.А.	О некоторых вопросах контрразведывательной деятельности в Республике Казахстан	358
Дук Ю.И.	Соблюдение принципов верховенства права в борьбе с региональной преступностью.	362
Кабакова О.В.	Конституционные обязанности молодежи Российской Федерации как воплощение верховенства права в условиях построения гражданского общества	364
Баймолдина С. М.	Уголовная ответственность за преступления, совершаемые в информационных системах в Республике Казахстан	369
Муратханова М.Б., Мұқаметқазинов А.С.	Халықаралық деңгейде және шетелдерде	372
Ашимова Э. А.	Жасөспірімдерді өзін - өзі өлтіруге дейін жеткізуге итермелейтін себептер	376
Ашимова Э. А., Абулкаирова А. М. Даурембеков Е.К.	Пайдакүнемдік қылмыстарының алдын алу шаралары	382
	Правовые аспекты избрания меры пресечения в виде содержания под стражей в отношении женщин подозреваемых и обвиняемых в акте терроризма	385
Балгынтаев А.О., Енсебаева А.Р. Досанов М.У.	Вопросы социального обеспечения судей	389
	О вопросах совершенствования Казахстанского уголовного законодательства по борьбе с мошенничеством	391
Салпеков А. С.	Правовые гарантии и проблемы обеспечения независимости судей в Республике Казахстан	394
Сеилханов Ж.Д.	Экономикалық контрабанда: қоғамдық қауіптілігі және жауаптылық мәселелері	398
Тулепенов Ж. К. Кубенова Ш.А.	Қылмыстық жауаптылықтан босатудың кейбір негіздері	400
	Уголовная ответственность за вовлечение совершеннолетних в совершение уголовных правонарушений в Республике Казахстан	404
Бегеев Т. Б.	Особенности проявления экстремизма и терроризма в обществе	407
Аширбекова К. Б. Дуисова А.М.	Систематизация судебного приговора	411
	Права и свободы человека в Казахстане, как система ценностей правового государства	413
Кулбаева М. М.	Понятие и эффективность уголовно-правового воздействия на врачебную ошибку	418

СЕКЦИЯ 4

МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ РЕАЛИЗАЦИИ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА И ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА

Сарсембаев М.А.	Казахстанские и международные суды в решении международно-правовых проблем (на примере проблем международного транспорта и транзита)	422
------------------------	--	-----

Тлепина Ш.В.	Периодизация истории международного права	425
Акпарова Р. Н.	Международные стандарты и законодательство Республики Казахстан о правовом значении актов органов уголовного преследования и судов иностранных государств	431
Алпысбаева Ю. А.	Актуальные проблемы обеспечения свободы передвижения товаров в рамках евразийского экономического союза	441
Алшинбаев И. Ф.	Международно-правовое регулирование биологической безопасности на космических объектах	443
Есенбаева Г. С.	Международно-правовые проблемы режима контроля за ракетными технологиями	446
Жаксыгельдинов Л. Д.	Определение правосубъектности транснациональных корпораций в теории международного права	449
Жунусбекова А. Ж.	Халықаралық құқықтағы халықаралық шарттардың маңыздылығы	452
Искакова Ж. Т.	Еаэс и вто: взаимодействие двух правопорядков	456
Кабакова О.В	Конституционные обязанности молодежи Российской Федерации как воплощение верховенства права в условиях построения гражданского общества	458
Қаражан Б. С.	Международно-правовое сотрудничество стран центральной азии в условиях региональной интеграции	463
Костяная Ю. С.	Конституционное право человека и гражданина на информацию в Республике Казахстан.	466
Сатова А. С	Энергетическое сотрудничество в рамках еаэс как инструмент глобализации.	468
Сарсембаев М.А.	Проблемы транзита В Казахстанском законодательстве и международном праве	470
Сейдеш Б. Б.	Конституция – мемлекеттің тұрақтылығы мен ұлттық құндылықтарды сақтау кепілі ретінде	475
Сулейманова И. И.	Халықаралық құқық принциптері мен нормаларына сәйкес қылмыстық заңнаманы дамыту жолдары	483
Панов С.К.	Универсальный периодический обзор как уникальный механизм универсальной правозащитной системы	485
Хамидулина М. Б.	Вопросы международно-правовой защиты авторских и смежных прав	487
Шналина А. А.	Техническое регулирование как механизм защиты потребителей. Безопасность игрушек.	491
Sartayev A.K.	“Kazakhstan in the age of independence (some problems of international treaties realization)”	493

ЕГЕМЕНДІК ҰҒЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Хайрмуханмедов Нурбек Исабайұлы

nurbek.isabay@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық құқық кафедрасының аға оқытушысы, PhD

Еуропадағы саяси модернизация үдерісінің саяси саладағы ең маңызды нәтижелерінен бірі ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы болып табылады.

Қазіргі заманғы қоғам және саясаттың қалыптасуындарационалдылық негізінде өркендеген ағартушылық философиясының маңызды орны болды.

Ағартушылық дәуір философиялары бойынша ақыла да болудың, рационалдылық болса индивид тұрғысынан және қоғамдық тұрғыдан прогрестің басты қажеттілігі еді [1, 213].

Тарихтың тереңдіктерінен ортаға шыққан әлеуметтік құрылым болып табылатын ұлттардың уақыт ішінде мемлекеттерге айналуы қоғамды секулярлық, рационалдық негізде саяси ұйымдастыру мен қайта құрылымдау арқылы жүзеге асты [2, 35]. Осы орайда қазіргі заманғы мемлекет пен мемлекеттілік ұғымының теориялық мәнін ұғыну үшін егемендік ұғымының мәнін ашу өте маңызды.

Егемендік – мемлекеттің айрықша сипатын білдіретін ұғым, алайда, сонымен қатар, моденизм дәуірінің бастау алуымен бірге биліктік қатынастардың ішіне кірген жаңа тренд ретінде маңызды бір фактор. Осы тұрғыдан егемендік тарихтың белгілі бір кезеңінде, белгілі бір аймақта ортаға шыққан саяси, қоғамдық және экономикалық жағдайлардың бір нәтижесі екендігі байқалады [3, 64]. Әлеуметтік, саяси құбылыс ретінде егемендіктің даму үдерісі қазіргі заманғы мемлекеттіліктің қалыптасуымен бірге басталады [4, 62]. Қазіргі заманғы мемлекеттілік үлгісінің белгілі бір саяси құрылымдық сипатқа енуі, билік еткен қоғамның қуаттарын жұмылдыруда артықшылыққа ие болуы және бәсекелестері болып табылатын қала құрылымдары (city leagues) және қала мемлекеттерін (city-states) ықпалсыз қалдыруы, саяси қоғамның жалғыз құзыретті ұйымдасуы түрінде көрініс табуын қамтамасыз етті [5, 185].

«Қазіргі заманғы» деп аталатын саяси құрылымның архаикалық саяси құрылымдардан айырмашылығын түсіну үшін әуелі «мемлекеттен бұрынғы» экономикалық, саяси және қоғамдық қатынастардың түйіні тарқатылуы қажет. Модерн құрылым және қатынастар өздерінің алдынан шыққан үдерісте болған жайттардың негізінде, арасында қалыптасқан. Бұл үдеріс кейде ескі институттардың жойылуы кейпінде ортаға шықса, кей жағдайларда ескі кезеңдегі институттардың дамытылуы, кемелдендірілуі кейпінде көрініс тауып жатты. Мәселен, егеменді күштің неліктен жалғыз болуы қажеттігі проблематикасын орта ғасырлардағы христиан дүниетанымын білместен түсінуге тырысу қате [3, 67].

Орта ғасырлар экономикалық және саяси институттарымен болсын, ой-пікірлерімен болсын егемендік түсінігінен мүлдем жырақ. Феодализмнің бөлшектелген құрылымы осының жанында діннің әрі дүниелік, әрі ақиреттік өмірді басқаруға деген ұмтылысы осыған қатысты саяси биліктің әлсіздігі, орталықтанған және белгілі бір географиялық кеңістікте түгелдей үстемдік құрған құрылымдық бір институт ретінде қазіргі заманғы түсініктегі мемлекеттіліктің әлі де болса ортаға шықпағандығын көрсетеді. Шіркеудің дәл осы үдерісте алдыға шығарған ерекшелігі жеке бір құқыққа бағынып, заң шығару және соттың айрықша статусына ие болуымен ерекшеленеді [6, 291]. Уақыт өте келе шіркеудің зайырлы биліктің қорғауында иелік ететін территорияны арттыруы ең үлкен экономикалық күш жағдайына келуін қамтамасыз етті. Шіркеудің осы кезеңдегі табиғи одақтасы саяси биліктің басында тұрған корольдіктер болып табылады. Шындығында орта ғасырларда саяси кеңістіктің шіркеуге қарсы шектеулі бір автономдылығы бар-тын. Өйткені, басқарудың ақиреттік қырын сипаттайтын *sacerdotium*, дүниелік функция *imperium* түсінігінен әлдеқайда күшті билік

құзыретіне ие болатын. Сондықтан, биліктің әрбір екі қырының «Тәңірінің өкілі» сипатымен шіркеуде шоғырландырылуы айтарлықтай қиын болмады [3, 75].

Орта ғасырлардың саяси ой-пікірінде айтарлықтай ықпалды болған түсінік «*Екі қылыш теориясы*» болып табылады. Шынтуайтында бұл теория саяси билік пен шіркеудің қарама-қайшылыққа толы қатынасы арқылы басқаша түсіндіріле отырып эволюциялық дамуды бастан өткеріп, дүниелік биліктің шіркеу тарапынан толықтай бақылауға алынуына жол ашатын практикалық нәтижелерге жол ашты [3, 76]. V-ші ғасырдың аяғына қарай билік мәселесін түпкілікті тұжырымдауға күш салған I. Папа Геласиустың көзқарасы бойынша дүниелік билік шіркеудің билігін мойындап, діни мәселелерде түгелдей шіркеуге бағынады. Бұған керісінше шіркеу де басқару функциялары тұрғысынан императордың шартты автономдылығын мойындайды. Дәл осы секілді шіркеу мүшелері өздеріне тиесілі міндеттерді атқару барысында дүниелік билік оларға қандай да бір кедергі келтіруіне болмайды [7, 91-92].

Қазіргі заманғы билік түсінігінің идеялық негізі Еуропадағы ренессанс және реформа қозғалыстары негізінде қалыптасты. Саяси жаңарулар нәтижесінде шіркеу билігі мен зайырлы билік арасындағы күш тайталасы зайырлы биліктің, яғни орталықтанған біртұтас билік пен мемлекеттілік парадигмасының туындауына жол ашты. Реформа және оған қарсы бағыттағы кері реформа тек қана шіркеу мен зайырлы билік мәселесінде туындаған зайырлы төңкерістер емес, сонымен қатар, қазіргі заманғы мемлекеттіліктің қалыптасуының негізгі элементтері болатын.

Зайырлы биліктің құрылымдық іргетасының қалануы тұрғысынан болса ең үлкен үлес өзінің ой-пікірімен саясат философиясының сол күнге дейінгі бағытын түбірімен өзгерткен Макиавеллиге тиесілі. Макиавелли саяси биліктің мақсатын саясаттан жоғары тұратын діни, моральдық немесе мәдени элементтермен түсіндіруден бас тартты. Ол биліктің бар болу себебі Тәңіріден, моральдық, діни заңдылықтардан емес, биліктің тікелей өзінен бастау алатындығын алға тартты [8, 38]. Саяси билік қандай да бір мақсатты жүзеге асыру үшін қолданылатын құрал емес, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің мақсаты. Биліктің өзінің тікелей мақсат ретінде сипатталуы оны идеялық тұрғыдан заңдастыру үшін дәйектемелер ойлап табу мәжбүрлілігін жояды. Осылайша билік (егемендік) діни және метафизикалық негіздерінен айықталып, зайырлы негізге қауышты. Осымен қатар, Макиавелли қоғам мен мемлекет өмірін түгелімен өзінің билік ету күшімен өктемдік ететін жоғары ұйымдасқан және өзге мемлекеттермен қарым-қатынаста бір елдің атынан абсолютті түрде өкілдік ету құзыретіне ие саяси институт болып табылатын мемлекет туралы айтады. Осылайша, әлі атауы берілмеген егемендік ұғымына барынша жақындай түскен.

Оның ойынша саясат өмірдің жалпы ағыны туындатқан динамикалармен алға жылжиды, саясаттың нақты тәжірибелерінің туындатқан жағдайларды моральдық немесе діни қағидалардың артына жасырудың қажеті жоқ [9, 172]. Алайда, ойшылдың негізгі жетістігі дінге негізделген осы тұжырымды сол дәуірдің нақты шарттары аясында қайта талқыға салып түсіндіріп, «жалғыз, дара» билікке зайырлы бір мазмұн беруі, осылайша, Еуропада саяси эволюцияның бағытын дөп басып тануы болып табылады [10, 5]. Кейінгі жылдарда бұлтартпас бір шындық жағдайына келетін ұлттық бірліктің мағынасын да алғаш рет Макиавелли ұғынып, түсінген болатын. Осы тұрғыдан Кассиердің айтқанындай Макиавелли схоластикадан бас тарта отырып, билікті зайырлы тұрғыдан негіздеп түсіндірген ең алғашқы ойшыл болып табылады [11, 140].

Осылайша Макиавеллиден кейін егемендік теориясы мемлекеттік билік құзыретінің біртұтас егеменді күште шоғырлануы және осының легитимді жалғыз күш болатындығы тұжырымдалды. Қоғамдық және саяси қатынастардың белгіленуі дүниелік биліктің ең маңызды функциясы және биліктің бөлінбейтін біртұтас сипатының көрінісі [12, 80]. Осылайша, корольдің абсолюттік билігіне қатер төндірген барша басқа күш орталықтары сынды шіркеу де дүниелік биліктің нысанасына кірген еді [3, 107].

Қазіргі заманғы қоғам мен мемлекеттіліктің қалыптасуында қоғамның қажеттілік және талаптарына сай ұсақ жамағаттарға арқа сүйеген бөлшектенген саяси жүйенің жойылып, рационалдылыққа негізделген құрылымның қалыптасуы үлкен ықпал етті [13, 83].

Классикалық егемендік түсінігінің туындау кезеңі Француз Революциясымен өз мәресіне жетті. Егемендік – 1791 жылғы Франция Конституциясымен конституциялық ұғым деңгейіне жетті. Сонымен қатар, осы кезеңде егемендіктің жалғыз бір кісіге немесе бір топқа ғана емес, ұлттың түгеліне тиесілі болғандығының мойындалуы яғни, ұлттық егемендіктің тууы тұрғысынан да өте маңызды.

Француз Революциясы салық салу және күш қолданудың бір орталыққа, бір егеменге шоғырлануы сынды егемендіктің нақты көріністерін жүзеге асырған, орталықтанған және бюрократиялық сипатымен қоғамдық, экономикалық және саяси бақылауды түгелдей қолына алған мемлекеттің жалғыз дара егемен ретінде көрініс табуы болып табылады [14, 217].

Атауы «мемлекет» деп аталған саяси ұйым қоғамдағы ең жоғарғы күш (егемен) ретінде көрініс тауып жатса мұны билігін құқықтық және саяси тұрғыдан легитимдендірген егемендікке борыштар. Әсіресе, XVI және XVII ғасырлардың Еуропасында феодализмнің бара бара «архаикалық» сипатқа енуімен бірге *билік қатынастарын рационалды және құқықтық негізге қойған* теориялық қағидалардың ортаға қойылуымен қазіргі заманғы мемлекеттің ең негізгі саяси құрылым ретінде көрініс табуын қамтамасыз етті. Осы тұрғыдан қарастырғанда егемендік – мемлекет пен құқық арасындағы қатынастың нақ өзі [15, 5]. Дұрысын айтқанда мемлекет билігі егемендік арқылы құқықтық бір негізге отырады. Егемендік ұғымының бұл тұстағы функциясы мемлекеттің заңдары мен әрекеттерінің тек қана дүниелік бір салада құрылғандығын негіздеу болып табылады [16, 26].

Егемендік құбылыс ретінде де, ұғым ретінде де саяси қоғамның ішінде өмір сүреді, оның өмір сүретіндігін айта білу үшін саяси қоғамның күнделікті ұйымдасу кейпі болып табылатын мемлекетті қажет етеді. Осы тұста бір ескертпе жасай отырып, егемендіктің нақты бір институт болып табылатын мемлекетпен біте қайнасқанына, билікті іс жүзінде қолданатын саяси биліктен болса басқаша бір сипатқа ие екендігіне назар аудару қажет. Егемендік саяси биліктен де жоғары тұратын және оны түгелдей қамтитын құбылыс болып табылады. Егемендік теориялық тұрғыдан өзгермейтін және тұрақты сипатқа ие болса, саяси биліктегілер белгілі бір уақытта басқару құзыреттілігін қолданады. Мұның жанында тәуелсіз бір күшке (егеменге) сілтеме жасайтын егемендікке қарсы саяси биліктегілер кез келген шарттарда (мәселен отарлық басқаруларда болсын) ішінде болады [4, 63].

Егемендіктің барлығы мемлекетпен бірге болады және мемлекеттің де бар екендігін көрсетеді. Керісінше қарағанда осы жағдайдың қисындық нәтижесі ретінде мынадай бір ұқсас пайым жасауға болады: мемлекеттің құқықтық бір мәртебеге ие бола алуы тұрғысынан қажеттілік болған ұғым егемендік болып табылады. Егемен мемлекеттердің түгелінде ортақ үш нақты ерекшелік алға шығады: белгілі бір шекарамен бекітілген территория (*ел*), осы территорияда тұрғылықты өмір сүретін адамдар (*халық, азаматтар*) және басқару билігін жүргізу үшін құрылымданған билік ету механизмі (*үкімет, саяси билік*) болып табылады. Аталғандар егемен мемлекеттің бар екендігін көруімізді қамтамасыз ететін нақты және қажетті шарттар болып табылады [3, 140].

Қорыта айтқанда, егеменді күштің легитимділігі заңдардың қайнар бастауларының жер бетіне түсірілуінен туындайды. Ұлттық мемлекеттің пайда болуымен жекелендірілген саяси билік үлгісі өз орнын құрылымдық билікке тастайды [17, 23]. Құрылымданған саяси билік өзімен біте қайнасқан күш қолдану, мәжбүрлеу құзыреттілігін заңдар арқылы жүзеге асырылуына кепілдік берілгенде күш қолдану индивидуалдылықтан, жекеліктен шығып, легитимденеді. Біз мұны күштің рационалдануы деп атаймыз. Басқарушы-басқарылушы қатынастарының заңдардың айқындаушы болатын бір кеңістікте жүргізілуі мемлекет пен қоғам арасында жаңа бір байланыстың орнауына себеп болады. Жеке адамдар мен саяси билік арасындағы қатынастар ендігі жерде метафизикалық емес, дүниелік шарттардың нәтижесі болып табылатын заңдар шеңберінде жүзеге асырылып, осылайша Макс Вебердің

заңды-рационалды легитимділік ретінде сипаттаған түсінікпен жүздеседі. Қазіргі заманғы мемлекеттілік жалпы қоғамның бойсұнушылығына ие болуы тек қана күш қолданудың және мәжбүрлеудің ықпалынан бұрын «*дұрыс және рационалды болғанына сенгендігі үшін билігіне мойынсұнуы*» болмақ [18, 102]. XVI ғасырда басталған және осыдан кейін екі ғасыр бойы мықтап күшейген тренд барлығынан бұрын саяси биліктің жалғыз бір орталықта, бір қолда шоғырлануы және орталықтануы бағытында дамыды [19, 78]. Бұл үдерісте кішігірім және әлсіз саяси құрылымдар өздерінен әлдеқайда үлкен және әлдеқайда күшті құрылымдар тарапынан жұтылып кетіп отырды. Осылайша, белгілі бір географиялық кеңістікте үкімдік ету күші жалғыз орталықта шоғырланған болады [20, 191]. Осы тұрғыдан қарастырғанда мемлекет пен егемендік арасындағы өзара байланысты бір қатынас бар екендігін айтуға әбден болады. Егемендік – «қоғамдағы ең соңғы және абсолютті шешім қабылдайтын күш» ретінде сипатталғанда мемлекеттің мәжбүрлі бір бар болу шарты ретінде ортаға шығады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Immanuel Kant, Seçilmiş Yazılar, çev. Necat Bozkurt, Remzi Kitabevi Yayınları, İstanbul, 1984, s.213. (ИммануэльКант, Таңдамалышығармалар, ауд. НеджатБокурт, РэмзиКитабевибаспасы, Стамбул, 1984.
2. Anıl Çeçen, Türkiye Cumhuriyeti Ulus-Devleti, Fark Yayınları, Ankara, 2007, s. 35. (Аныл Чечен, Түркия Республикасы ұлттық мемлекеті, «Фарк» баспасы, Анкара, 2007.
3. Hamit Emrah Beriş, Küreselleşme Çağında Egemenlik, Ulusal Egemenliğin Yeni Sınırları, Lotus Yayınları, Ankara, 2006, s. 64. (Хамит Эмрах Бериш, Жаһандану дәуірінде егемендік, ұлттық егемендіктің жаңа шекаралары, «Лотус» баспасы, Анкара, 2006.
4. Yusuf Şevki Nakyemez, Mutlak Monarşilerden Günümüze Egemenlik Kavramı, Seçkin Yayınları, Ankara, 2004, s. 62. (Юсуф Шевки Хакиемез, Абсолютті монархиялардан бүгінгі егемендік ұғымы, «Сечкин» баспасы, Анкара, 2004.
5. Hendrik Spruyt, The Sovereign State and Its Competitors: An Analysis of Sistem Change, Princeton University Press, Princeton, New Jersey, 1994.
6. Marc Bloch, Feodal Toplum, çev. M. A. Kılıçbay, 2. Baskı, Gece Yayınları, Ankara, 1995, s. 291. (МаркБлох, Феодалдыққоғам, ауд. М.А.Кылычбай, 2 басылым, «Гедже» баспасы, Анкара, 1995.
7. Ben-Amittay, Jacob, Siyasal Düşünceler Tarihi: Çağlar Boyunca Siyasal Düşüncenin Değişimi, çev. M. A. Kılıçbay, L. Köker, Savaş Yayınları, Ankara, 1983, s. 91-92. (БенАмиттай, Джакоб, Саяси пікірлер тарихы: ғасырлар бойы саяси пікірлердің өзгерістері, ауд., М.А. Кылычбай, Л. Көкер, «Саваш» баспасы, Анкара, 1983.
8. Toulmin Stephen, Kozmopolis: Modernitenin Gizli Gündemi, çev. H. Arslan, Paradigma Yayınları, İstanbul, 2002, s. 38. (Тьюлмин Стефен, Космополис: Модернизмінің жасырын күн тәртібі, ауд. Х. Арслан, «Парадигма» баспасы, Стамбул, 2002.
9. Antonio Gramsci, Selections From The Prison Notebooks of Antonio Gramsci, ed. Ve çev. Q. Hoare, G. N. Smith, 4. Basım, London, Lawrence and Wishart, 1978.
10. George Sabine, Siyasal Düşünceler Tarihi 2, Yeni Çağ, çev. A. Öktem, Türk Siyasi İlimler Derneği Yayınları, Ankara, 1969, s. 5. (Джордж Сабине, Саяси ойлар тарихы 2, Жаңа дәуір, ауд. А. Öктем, Түрік саяси білімдер ұйымы баспасы, Анкара, 1969.
11. Ernest Cassier, Devlet Efsanesi, çev. N. Arat, Remzi Kitabevi Yayınları, İstanbul, s. 140. (Ернест Кассиер, Мемлекет аңыз, ауд. Н.Арат, «Ремзи Китабеві» баспасы, Стамбул.
12. C. Northcote Parkinson, Siyasal Düşüncenin Evrimi, çev. Harmancı, Remzi Kitabevi Yayınları, İstanbul, 1976, s. 80. (С. Норскот Паркинсон, Саяси ойдың эволюциясы, ауд. Харманджы, «Ремзи китабеві» баспасы, Стамбул, 1976.
13. Anthony Giddens ve Christopher Pierson, Modernliği Anlamlandırmak, çev. S. Uyurkulak, M. Sağlam, Alfa Yayınları, İstanbul, 2001, s. 83. (Антони Гидденс, Кристофер Пиерсон, Модернизмді мағыналандыру, ауд. С. Уйуркулак, М. Сағлам, «Альфа» баспасы, Стамбул, 2001.
14. Norbert Elias, Uygurluk Süreci, Cilt. 2: Toplumun Değişimleri/Bir Uygurlaşma Teorisi İçin Taslak, çev. E. Özbek, İletişim Yayınları, İstanbul, 2002, s. 217. (Норберт Элиас, Өркениет үдерісі, 2 том, Қоғамның өзгерістері / Өркениеттену теориясы үшін жоспар, ауд. Е. Өзбек, «Илетишим» баспасы, Стамбул, 2002.
15. Selahattin Akkuş, Modern Egemenliğin Doğuşu: Pratik ve Kavramsal Belirlenme, İstanbul Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Yayınlanmış Doktora Tezi, İstanbul, 1995, s. 5. (Селлахаттин Аккуш, Модерн егемендіктің тууы, практикалық және ұғымдық айқындама, Стамбул университеті әлеуметтік ғылымдар Институтында қорғалған докторлық диссертация, Стамбул.
16. Cemal Bali Akal, Sivil Toplumun Tanınması, 2. Baskı, Engin Yayınları, İstanbul, 1995, s. 26. (Джемал Бали Акал, Азаматтық қоғамның тәңірісі, 2 басылым, «Энгин» баспасы, Стамбул, 1995.
17. Cemal Bali Akal, Devlet, Yasa, Hakimiyet, Cumhuriyetin 75. Yıl Armağanı, İstanbul Üniversitesi Yayınları, İstanbul, 1999, s.23. (Джемал Бали Акал, Мемлекет, заң, егемендік, Республиканың 75 жылдығы тартуы, Стамбул университеті баспасы, Стамбул, 1999.

18. Gianfranco Poggi, *Çağdaş Devletin Gelişimi: Sosyolojik Bir Yaklaşım*, çev. Ş. Kut, B. Toprak, Hürriyet Vakfı Yayınları, İstanbul, 1991, s. 102. (Гианфранко Погги, *Қазіргі заманғы мемлекеттің дамуы: социологиялық көзқарас*, ауд. Ш. Курт, Б. Топрак, Хурриет Вакфы баспасы, Стамбул, 1991.

19. Christopher Pierson, *Modern Devlet*, çev. D. Hattatoğlu, Çiviyazıları Yayınları, İstanbul, 2000, s. 78. (Кристофер Пиерсон, *Қазіргі заманғы мемлекет*, ауд. Д. Хаттаоғлу, «Чивиязылары» баспасы, Стамбул, 2000.

20. Benedict Anderson, *Hayali Cemaatler: Milliyetçiliğin Kökenleri ve Yayılması*, çev. İ. Savaşır, Metis Yayınları, İstanbul, 1995, s. 191-198. (Бенедикт Андерсон, *Микроқауымдастықтар: ұлтшылдықтың қайнар бастаулары жәнe таралуы*, ауд. И. Савашыр, «Метис» баспасы, Стамбул, 1995.

ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚТАҒЫ АР-НАМЫСТЫ ҚОРҒАУДЫҢ ӨЗІНЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

з.э.к.доцент Смағұлова А.С.э.э.к.доцент Кусаинова Л.И.

з.э.к. Смағұлов А.А.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ

Қазақ қоғамында ар-намыс ұғымы өте қасиетті, қадірлі ұғым. Сондықтан, «арыңды жастан сақта» немесе «малым жанымның садағасыб жаным арымның садағасы» қағидалары қазақ халқының бойында көне заманнан қалыптасқан. Ол адам дүниеге келгеннен бастап отбасында қалыптастырылған және ол дәстүр – салт түрінде қалыптасып заңға айналған. Ар-намысты қорғау үшін түрлі тәсілдер қолданылған. Ол сонау ғұн, үйсін, түркілер дәуірінің өзінде құқықтық мәнге ие болған. Жеке адамның ар-намысын қорғау, Отан, мемлекет бүтіндігімен байланыстырылған. Түркілерде азаматтық құқық пен қылмыстық құқық нормаларын белгілейтін дәстүр-салттардың да заңдылық күші мығым болған. Бұл жөнінде бізге жеткен әдет-ғұрыптардың жазбаға түскен ережелері некен-саяқ болса да кездеседі. Еуразия тарихының атасы Лев Гумилевке сөз берсек: «... Жалпы, өте қатал, тіпті қатыгез құқық заңы әйелді қолдап қорғаған: күйеуі бар әйелді зорлаған кісі өлім жазасына кесілген, қыздың арына қол салған еркек дереу оған үйленуге тиіс болған. Бір қызығы, әйелді зорлау ең ауыр қылмыстармен: көтеріліс жасаумен, опасыздықпен, кісі өлтірумен, тұсаулы атты ұрлаумен қатар қойылған. Дала жағдайында аты ұрланған кісіні ажал торуылдайды, ал оның ақысы жай ұрлық жасағаннан он есе артық төленген. Төбелесте кісі денесін зақымдағаны үшін айып алынған,» - дейді. [1, 57 б.] Бір қызығы – осы айтылып отырған қылмыстық құқық өлшемдері сонау Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы заманынан бері желісін үзбей келе жатқан заң ережелері. Жалпы алғанда Ғұндар мен Түркілер дәуіріне қатысты құқықтық деректер Қытай елінің ежелгі жылнамаларында біршама сақталған. Соның ішінде үзілген жіптей бізге жеткен Көне Түріктердің мемлекеттік дәрежеде қолданылып келген бес баптан тұратын мына бір мемлекеттік заңына назар аударып көрелік.

1. Мемлекеттің бүтіндігі мен елдің бірлігін бұзып, аталған заң талабын сақтамай бүлік шығарғандар өлім жазасына кесілген. 2. Түркі бүдун (жұртының) мүддесін сырттан сатып, ел-жұртқа опасыздық қылық көрсеткендер де өлім жазасын құшатын болған. 3. Түркі қағанаты ішінде жүріп, жазықсыздан-жазықсыз кісі өлтіргендердің де сазайын өлім жазасы арқылы берілген. 4. Мемлекеттің басқару тұрпаты әскери феодалдық болғандықтан жаугершілік заманда мемлекеттің қарулы күші – сәйгүлік атты ұрлағандар да өлім жазасына бұйырылған. 5. Аса бағалы, құнды мүлік ұрланған жағдайда, қылмыскер он есе артығымен айып төлеп құтылған. [1] Осы келтірілген деректерден-ақ Көне Түркілердің көшпелі қоғамда жасалынған қылмысқа жазаны өз орнымен қолдана білгендігін анық танимыз. Әдет заңдарында ар-намысты қорғауға оның өзгешелігі мен басымдығы, арын қорғап дау айтушының шығу тегі, ақылының басымдылығы, жасы, жынысы, байлығы, өзге де қойылатын талаптарды басшылыққа алған.

Қазақ қоғамында ар-намысты қорғаудағы жазалар негізінен қылмыстық мазмұнға сәйкес болғанымен, оған қолданылған жаза түрлері азаматтық сипат алған. Атап айтқанда сұлтанның кедейдің бірін сөгуі, немесе жазалауы ат-тон айыптан тоғыз айып төлеуге дейін жауапкершілікті жүктеген.

«За словесную обиду бию и почетному богачу виновный подвергается: если султан-публичному извинению перед обиженным, а если простой киргиз – штрафу в один ат - тон.